

Мұхамеджан Гүлжанат Нұрланқызы

Жасы: 15

Алматы облысы, Ақсу ауданы, Құрақсу ауылы

«Қ.Мұқашев негізгі орта мектебі»

Тақырыбы: «Патриот және азамат»

Байланыс телефоны: 87051570348

Жетекшісі: Жексембинова Айжан Омарханқызы

«Патриот және азамат»

Қазақстан Республикасы - қанаты қатайып, кемелденіп келе жатқан мемлекет. Оның өз алдына дербес отау тігіп тәуелсіз мемлекет болып, егемендік алғанына, міне биыл жиырма бес жыл.

Көптің арманы болған бұл күнді, құдай бізге көруге сыйлапты. Осыған шүкіршілік етіп, олардың мақсатын жандандыруға ат салысайық!

Өркениетке бет алған егеменді еліміздің ендігі болашағы ұрпақ тәрбиесі деген ұлы міндетпен ұштасып жатыр. Онсыз болашағымыздың бұлдыр елес, бос қиял екені даусыз. Сонда не істеуіміз керек?

Менің ойымша, ең алдымен, бойымызға ұлттық идея, патриотизмді қалыптастыра білуіміз қажет.

«Патриотизм, ұлттық идея» дегеніміз не?

Ол- қара бастың қамы емес, адамзаттың баласы- ұлтымыздың ұлылықтығы үшін, теңдігі мен елдігі үшін өтейтін әр адамның қарызы мен парызы болса керек. Намысты қолдан бермеу, еркіндік қолға тигенде бел шешіп іске кірісу, жан аямай еңбек ету,-деп түсінемін.

Өткен тарихымызды ой елегінен өткізе отырып, ғасырлар қойнауына көз жіберер болсақ, ата-бабамыз небір қиын-қыстау кезеңдерді, ауыр күндерді бастарынан кешірген ғой. Туған жердің даңқын көкке өрлеткен батырларымыз аз болмаған. Сол батыр бабаларымыздың батыл істері- біздер үшін, жас ұрпақ үшін үлгі-өнеге, тағылым мектебі болмақ.

Әрі дана, әрі дара халқымыздың осындай үлгі-өнегесін, көріп өскен ұрпағы ел басына күн туған шақта жердің, елдің қамын ойлар қорғаны бола алатынына сенімім мол.

Мен өз Отанымды кеңпейіл дарқандығы үшін, батылдығымен дараланғаны үшін, қажымас қайраты, талмас талабы және сабырлылығымен, бауырмалдығы үшін сүйемін!

Қорыта келгенде, мен қазақстан халқының қиындықсыз өмір кешіп, күн өткен сайын, алмастай шыңдала түскенін қалаймын!

Еліміздегі бірлікті, ұлттық достығымызды сақтайық, көп ұлтты мемлекетімнің жас ұрпағы!-демекпін. Жасай бер, менің тәуелсіз Қазақстаным!